

Түркия Республикасының Президенті Ахмет Недждет Сезердің Қазақстан Республикасына ресми сапарын әзірлеу және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 12 қазан N 1519

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының арасындағы екіжақты ынтымақтастықты нығайту және Түркия Республикасының Президенті Ахмет Недждет Сезердің Қазақстан Республикасына ресми сапарын әзірлеу және өткізу жөніндегі ұйымдастыру-протоколдық іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Түркия Республикасының Президенті Ахмет Недждет Сезердің Қазақстан Республикасына 2000 жылғы 19-20 қазандағы ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) әзірлеу және өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша): сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды 2000 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін;

қосымшаға сәйкес Түркия Республикасының ресми делегациясы мүшелерін орналастыру және қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Түркия Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің тұратын және болатын жерлеріндегі қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп Түркия Республикасы Президентінің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін;

Астана және Шымкент қалаларының әуежайларында арнайы ұшақтың қонуын, ұшуын, оған техникалық қызмет көрсетуді, тұрақ беруді және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдері Түркия Республикасының ресми делегациясын күтіп алу және шығарып салу Астана, Шымкент және Түркістан қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіру жөніндегі

ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Түркия Президенті Ахмет Недждет Сезерді Астана және Шымкент қалаларының әуежайларында күтіп алу және шығарып салу рәсімдеріне қатыссын.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша) Түркия Республикасы ресми делегациясының күзетілетін тұлғаларының қауіпсіздігін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

9. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы 12 қазандағы
N 1519 қаулысына
қосымша

Түркия Республикасының ресми делегациясы мүшелерін орналастыру және қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Түркия Республикасының ресми делегациясы мүшелерін (2+11), Астана қаласындағы "Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйіне, сондай-ақ бірге жүретін адамдарды Астана, Шымкент және Түркістан қалаларында орналастыру, тамақтандыру және көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін "Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйіне орналастыру.

3. Сапарды өткізуге жұмылдырылған адамдар үшін жедел байланыс құралдарын (5 дана) жалға алу (2000 жылғы 19-20 қазан).

4. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсаттамалар) дайындау.

5. Түркия Республикасы ресми делегациясының басшысы үшін кәдесыйлар мен с ы й л ы қ с а т ы п а л у .

6. Түркия Республикасының ресми делегациясын Астана және Шымкент қалаларының әуежайларында күтіп алу және шығарып салу рәсімдерін, техникалық безендіру (VIP-зал, сусындар, шай, жалаулар, Астана және Шымкент қалаларының әуежайлары мен делегацияның жүретін бағыттары бойынша қазақ және түрік тілдерінде қарсы алу транспаранттары), сондай-ақ Түркия Республикасының Президенті Ахмет Недждет Сезердің Қазақстан Республикасына ресми сапарының бағдарламасына сәйкес ұйымдастыру-протоколдық іс-шараларын әзірлеуді және өткізуді қамтамасыз ету.

7. Қазақстан Республикасының Президенті атынан Түркия Республикасының

Президенті Ахмет Недждет Сезердің құрметіне Астана, Шымкент және Түркістан қалаларында ресми түскі ас және кешкі ас ұйымдастыру.

8. Түркия Республикасы ресми делегациясының мүшелері мен бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.